

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

сазайын Жанғали беретіндігін әңгімеде арқау етеді. Жалғыз жазығы ащы суды ұрттайтындығы дейді [5, 102]. «Айғай аттансыз момақан тірлік кешіп жатқан осы бір шағын ауылдың Жанғали болмаса бүкіл жұмысы бітпей қалатындай» [19, 102]. Бұл үзіндіден не байқаймыз. Ауыл тіршілігінің ешкімге ұқсаймайтын бейнелілігі, ауыл адамдарының таза пейілі мен аңғал, ақ көңіл қарым-қатынасы. Әңгіменің соңғы бөлігінде өмірінің уақыт сағаты аяқталған Жанғалиды сағына еске алған ауыл адамдары баяндалады. «Ауыл адамдарының ұртына күлкі үйірмесе жүре алмайтын, ылғи жақсы көңіл күй сыйлап, жүретін Жанғали сөйткен ауылын бір-ақ күнде жылатып кете барды» [5, 109]. Міне, біз таныған Жанғалидың өмірбаяны. Еліктегіш емес, ауыл адамдары үшін жанын салып іске кірісетін ақ адал, еңбекқор кейіпкердің өмір жолы бір әңгіменің арқауы болды. Ауыл өмірінің қызықты сәті баяндалатын Бейбіт Сарыбайдың «Өліара» атты әңгімесі бар. Мектепті енді ғана аяқтаған ауыл жастарының ауылды қимас кезеңдері ерекше сюжеттік оқиғалар арқылы баяндалады. Ауыл өмірінің өзіне ғана жарасатын ерекшелігі мен өзектілігі де көркем шығармадан тыс қалмаған. Ауыл жастарының достыққа адалдығы мен аңғал көңілі де әңгіменің шырайын келтіріп тұр. Бас кейіпкердің қалаға оқуға тапсырып, 117 балл алдым деп қуанып, артынша ол 117 балл реттік нөмері боп шыққанын көргендегі кейіпкердің өңін керемет жеткізеді. Кейіпкердің есімі – Асқарұлы Алмат. «Ауылға келсем менің Қожанасыр атағым дүрілдеп тұр екен. Кездескен адамдардың барлығы күледі. Намыстанатын несі бар, мен де күлдім. Тек шешем байғұс жұрттан ұялып, бірер күн жиын-тойларға бара алмай жүрді»..[5, 109].

Қорытындылай келе шағын проза жанрының бүгінгі хәл жағдайы көркем туынды турасында өркендеп, өмір шындығын баяндап келеді. Қазақ әңгімелерінің терең тарихын бүгінгі тәуелсіз шағын прозалар көші жалғап келеді.

Тәуелсіздік тұсындағы шағын прозаның өрлеуі мен дамуы адам бойындағы құндылықтарды бүкпесіз таза сол қалпында көрсете алуымен ерекше болды. Ауыл адамдарының бойындағы қарапайымдылық пен аңғалдықты да қаламгерлер ерекше оқиғалар арқылы жеткізді. Ауыл тіршілігінің танысы мен тазалығын да көркем туындылардан, әңгімелерден бағамдай аласыз. Кейіпкерлер тілі мен ауыл келбеті мен бейнесін көрсетудегі сюжеттік оқиғалардың жүйелілігі де тақырыптың кеңінен ашылуына бағыт болып тұр. Осы үндестік біз қарастырған Т.Нұрмағанбетов пен Б.Сарыбай әңгімелерінің негізгі өзегіне айналған.

Т.Нұрмағанбетов пен Б.Сарыбай сынды қаламгерлердің тәуелсіздік тұсындағы әңгімелердің түпкі сарыны – қарапайым қазақы тіршіліктің қойнауында жатыр. Өсіресе ауыл тақырыбына арналған шағын прозаларындағы ішкі мазмұнындағы үндестік те ерекше. Кейіпкерлер тілінің нақтылы және сюжеттік оқиғалардың байланысы да екі автор әңгімелерінің салмағын арттырып тұр.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 270 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
3. Нұрмағанбетов Т. Қош бол, ата! – Алматы: Таймас, 2012. – 240 б.
4. Сарыбай Б. Қараторғай: Проза. – Алматы: Жалын, ЖШС, 2013. – 192 б.
5. Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді: Проза. – Алматы: Жалын, ЖШС, 2009. – 160 б.

GTAMP 17.09.91

#### **БЕКЕЖАН ТІЛЕГЕНОВТИҢ «СЕКСЕН АЛТЫНШЫ ЖЫЛ» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Заданов Арлан Бағдатұлы**

[arlan.bagdatuly@mail.ru](mailto:arlan.bagdatuly@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
магистранты, Астана, Қазақстан

Әр халықтың тарихы, ұлттық жады, тілі, ділі, менталитеті, дәстүрі, көркем сөйлеу, образдық ойлау жүйесі, бояусыз өмірі, шынайы тағдыры, рухани құндылықтары – бәрі сол халықтың әдеби туындыларынан, ғылыми зерттеулерінен, алуан түрлі өнер иелерінің шығармашылықтарынан тікелей көрініс тауып, ұлттың мәңгі жасай беруіне қызмет етеді. Қазақ әдебиеті тарихына көз жүгіртсек, оның тұтас кезеңдерін, әдеби өмірін шығармаларына, зерттеулеріне арқау еткен жазушылар, зерттеушілер аз емес. Сондай жазушылардың бірегейі, ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызметтер атқарса да саналы ғұмырын әдебиетке, өзі айтқандай «қастерлі, сиқырлы, ұлы дүниеге» арнап, өлшеусіз еңбек сіңіріп, өшпес із қалдырған, ешкімнің қолы бармайтын, жүрегі дауаламайтын, ел тағдырына қатысты тақырыптарға терең барып, сол тарихи шындықтарды романдарына арқау еткен, қазақ әдебиетінің классик жазушысы Мұхтар Мағауиннан «қазақ әдебиетінің классигі, өте үлкен жазушы» деген баға алған – журналист, аудармашы, көрнекті қазақ жазушысы Тілегенов Бекежан Исағалиұлы. Әдебиет, әдеби кезең, әдеби өмір туралы жазушы өзінің «Әдебиет – менің Отаным» атты естелік-эссесінде «Әдебиет – менің ортам, өскен өлкем, Отаным, өмірім. Әдебиет бізге Ана да, Ата да болды. Ал ата мен ана алдында қашан да борыштарсың», -дей келе ол өзінің жеке өмірі, тағдыры, шығармашылық өсу жолы арқылы сол кездегі әдеби өмірді, тарихи шындықты, әдеби органы тереңнен сөз еткісі келетінін айтады [1, 6-6].

Б.Тілегеновтің «Таң нұры» (1966), «Көктем де ызғарлы» (1967), «Аққайнар» (1971), «Повторится ли весна» (1972), «Олар жазда кездесті» (1979), «Белый простор» (1980), «Уақыт» (1981), «Где тебя найти?» (1982), «Советский писатель» (1985), «Атамекен» (1986), «Қара жел» (1990), «Тұйық өмірдің құпиясы» (1992), «Тауқымет» (1993), «Сексен алтыншы жыл» (1994), «Алыста қырғын соғыс бар» (1995), «Әдебиет – менің Отаным» (1998), «Қас пен көздің арасында» (1999) сияқты көрнекті туындылары бар. Бірақ жазушының өмірі, әдеби шығармашылық жолы, туындылары көркемдік ерекшелік жағынан болсын, тілдік талдау тұрғысынан болсын кеңінен зерделенбеген. Тек бірнеше автордың жарияланымдарын атап өтуге болады: М.Ғабдуллиннің 1966 жылы жазушыға жазған хаты, М.Мағауинның «Ақыр-дүние» естелік әңгімелері және «Жазушының ең басты насихаты – шығармасы» (2016) тақырыбында берген сұхбаты, Ә.Нұршайықовтың әдемі естелікпен өрілген пікірі, А.Жақсыбаевтың жазушының туғанына 70 жыл толуына орай жазған «Жазушының жұлдызды шағы» (2004) көлемді мақаласы және Тұрсын Жұртбайдың «Әділет алғауы» (2016) мақаласы.

Зерттеуші ғалым Тұрсын Жұртбай «Әділет алғауы» мақаласында жазушының Тәуелсіздік кезеңінде жазған үш туындысын, яғни «Қара жел», «Тұйық өмірдің құпиясы», «Сексен алтыншы жылды» «жаңа қазақ әдебиетінің бетбұрысты кезеңінің басы» деп бағалаған [2].

Ал М.Мағауин өзінің көлемді мақаласында «XX ғасырдың соңғы он жылдығы – қазақ елі тәуелсіздікке бет бұрған бұлағай замандағы қазақ әдебиетінің үздік табысы саналуға тиіс» деп аталмыш үш шығармасын көрсете келе: «Бекежанның дүниеге көзін ашқан – Орталық комитеттің қызметі, ал жазушы ретінде көтерген – ұлттық тәуелсіздік», -дейді. Тәуелсіздік кезеңіне дейін жазылған шығармаларын сыншыларымыз танымағандығын, танығанның өзінде бәрібір әдебиетіміздің өрісін кеңейте алмайтындығын жеткізеді [3].

Әдебиетке өлшеусіз еңбегі сіңген зерттеуші, жазушылардың пікірлерін ескеріп, жас зерттеушілік көзқараспен байыптап қарай отыра, біз ғылыми мақаламызда жазушының Тәуелсіздікке дейінгі емес, Тәуелсіздік кезеңінде жазған туындыларының ішіндегі «Сексен алтыншы жыл» романының көркемдік ерекшелігіне тоқталуды жөн көрдік.

Қаламгердің «Сексен алтыншы жыл» романына Т.Жұртбай «Желтоқсан оқиғасының қарсаңында қалыптасқан қысаң жағдай туралы жазылған психологиялық талдау» деп баға бере келе, Желтоқсан оқиғасының бұрқ ете қалуына ілік болған психологиялық-әлеуметтік мәселелердің астарын нақты сезінетінін, «Ұлыдержавалық өктемдік пен жазалау саясаты,

дәреже үшін досын ғана емес, ұлтын сатып, оны арандатуға дейін апарған басшы мен орталықтың аяр әрекеттері, зиялы қауымның екі бетті психологиясы, жалған идеяның жалаңтөс жандайшабы болған аға буын өкілдері, жас толқынның ішкі қуаты мен жан күйзелісі, тәні қорланса да жан тазалығын сақтап қалған адал махаббат иелерінің рухани күресі, әскери жазалаудың алдын ала ойластырылып қойылғаны туралы деректер сондай бір сенімді мотивировкамен шынайы әрі терең суреттелгендігін» айтады [2]. Романның қазақ тарихынан, әдебиетінен алар орнын айшықтап көрсетеді.

Ал белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықов романның көркемдік қуаты туралы «Қазақ әдебиеті» газетіне (2 қараша, 1994) жазған пікірінде: «Бекежан Тілегеновтің «Сексен алтыншы жыл» романын оқып жатырмын. Қызықтырып, тартып, әкетіп барады. Бас алдыратын емес... Бекежанға әбден риза болдым. Шешен де, шебер де, батыл да екен. Сонысы сүйсіндірді... Апыр-ау, Бекежан қандай білімді, жорғадай тайпалған сөз шебері болып қалыптасқан», - деп шығармаға өте жоғары баға береді [1, 59].

Жазушының бұл романын оқу барысында түйгеніміз: шығарманы тек зерттеушілік не оқушылық көзқараспен сырттай оқып шығу мүмкін емес. Ішіне еніп, өзінді сол кезеңде өмір сүріп, сол оқиғалардың бел ортасында жүргендей сезінесің. Себебі автор тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырып бірсыдырғы қылып жаза салмай, шығарма сюжетін екі арнада дамытып әрі оларды шеберлікпен байланыстырып, біртұтас дүние етіп ұсынған. Бірінші арна – биліктегілердің саяси өмірі, билікке талас-тартысы, тар көзқарас, психология, екіұдай, аумалы-төкпелі мінездері болса, екінші арнада – жаңашыл, шығармашыл жастардың өмірі, еркіндіктің, кеңдіктің исі аңқитын ойлау жүйесі, ішкі қуаты, жастық жалыны, шығармашылық өмірі, елге, жерге деген кіршіксіз таза махаббаты суреттеліп, оқиғалармен өрбітіле жазылған.

Шығармадағы әрбір бейнелі сөз тіркесі, әр сөйлем, әр оқиға шығарманы біртұтас дүние ретінде біріктіріп, туындының түпкі мақсатын, идеясын, мазмұнын ашуға қызмет етіп тұр. Автор әр кейіпкерді суреттегенде оның сырт-келбеті, характері, жан-дүниесіне бейнелі, көркем сөздерді қолдану арқылы терең мінездеме беріп қана қоймай, ол кейіпкердің өткен өмірін, қазіргі жай-күйін де сөз етеді және өзінің авторлық көзқарасын да көрсетіп отырады. Жалпы, кейіпкерді ғана емес, сонымен бірге заман ахуалын, табиғат көріністерін де шынайы әрі терең суреттейді. Осы жолда тілдегі көркемдеуіш құралдардың барлық түрін сұрыптап, талдап, талғап орнымен қолданған. Мұның бәрін қаламгер шығарманы шынайы әрі әсерлі жеткізу үшін ғана емес, өз ойының, идеясының барынша мәнерлі де көрнекті берілуін көздеп жасаған.

Романның көркемдік қуатын, ерекшелігін талдау арнасы тым кең деуге болады. Сол себепті мақаламызда туындының түпкі мәнін ашып, тұтас идеясын жеткізетін бейнелі тіркестерді оқшау қарастырмай, шығарма мазмұнымен тұтас қарастырамыз. Сондай-ақ, автор ұстанымын ашатын концепттерді алып шығамыз.

Автордың шығармашылық диапазонының, көркемдік, образдық ойлау жүйесінің кеңдігі соншалық сексен алтыншы жылғы қанды оқиғаға тікелей қатысы жоқ оқиғаларды романға кіріктіріп, жымдастырып, метафора түрінде бере білген. Оған мысал ретінде суретші Мәмбеттің хан «Кенесарыға» арнап салған триптихын келтіруге болады.

Автордың Мәмбетке Кенесарының суретін салғызуы және романның өн бойында Мәмбеттің бұл өз туындысына «Кенесары» деп ат қоюға жүрексініп жүруі; Кенесарының образын анық, жанды, шынайы суреттей алмай ұзақ жүруі; өмірден Кенесарыға ұқсайтын алып денелі, кең жауырынды, батыр Кәмкенді жолықтыруы; сөйтіп, Кенесары триптихын сәтті аяқтауы; кейін дәл Кенесары сияқты сол Кәмкеннің алаңда жастардың басы-қасында болып, жол көрсетуі, солақай билікке бірге қарсы тұруы, жас буынға күш-қуат беруі – міне, осы оқиғаларды бірінен соң бірін өрбітіп, сексен алтыншы жыл оқиғасын тарихпен байланыстырып, сюжетті линияны сақтай отыра баяндауының мәні зор. Себебі тарихтан қазақ халқының азат ел болуы жолында Кенесары ханның 1837-1847 жылдары отаршыл патша үкіметіне қарсы көтерілісті ұйымдастырып, басқарғанын білеміз.

Ал шығарманың шарықтау шегінде Мәмбет «Кенесарыға» арналған туындысын

бітірген кезде сексен алтының қанды оқиғасы да басталып кетеді. Автор кейіпкеріне Кенесары суретін салғызу арқылы біріншіден, шығарманың көркемдігін арттырып метафора жасаса, екіншіден, ұлт тарихымен байланыстырып, азаттық, тәуелсіздік алу қазақ халқының ежелден келе жатқан арман-аңсары болғанын және сексен алтыдағы жастардың көтерілуі кездейсоқ еместігін, ғасырлар тудырған оқиға екендігін жеткізеді. «Халықтың ұлттық намысының оянбауы мүмкін емес еді» деген мәнді ашады.

Сондай-ақ, осы суретке қатысты Айдын мен Мәмбеттің романның орта тұсындағы диалогін оқып көрелік:

«-Мынау суреттің аты не?

-Шынымды айтсам, бұл суреттің атын атауға өзім де қорқамын. Бұл Кенесарыға арналған бөлім. Мұны ешбір комиссия өткізбейді, қабылдамайды. Соларды алдау үшін «1916 жыл» деп атағым келіп жүр. Мүмкін өтіп кетер. Мына суреттегі Әбілқайырдан да, алаңдағы шалқыған достықтың белгісінен де маған Кенесары қымбат. Бұл образ осы триптихтың кілті болмақ,-деді Мәмбет» [4, 111].

Бұл диалог арқылы қазаққа жанын салып қызмет еткен, азаттық, елдік жолында шейіт кеткен хан Кенесарыдан бастап қаншама ақтаңдақтардың атын атауға тыйым салынған, қазақтың тарихын бұрмалаған, көмген, өртеген нәубет кезең болғандығын, қазақтың қолы бұғауда, аяғы тұсауда, толықтай бағынушы, отарланған ел болғанын көреміз.

Анығырақ айтқанда, Кенесары көтерілісінің басты себебі мен ұлт-азаттық сипаты – патша өкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясаты, Орта жүздегі хандық билікті жойып, ресейлік әкімшілік басқарудың жүзеге асырыла бастауы және қазақ жерін әскери отарлаудан құтқаруға бағытталған азаттық жолындағы күрес болды. Ал Желтоқсан оқиғасының болған уақыты – қазақ халқы әбден жанышталған, ұлттық интеллигенциясы қудалауға ұшыраған, тіпті, аттарын атауға тыйым салынған, патшалық отарлау жүйесі әбден кіріккен, Ресейге толық тәуелді кезең болатын. Кенесары көтерілісі де, желтоқсан оқиғасы да жеңіліс тапты. Алайда екеуі де азаттық, жаңа күн үшін жасалған оқиға болып тарихта қалды, жарқын ел болашағына тікелей әсер етті. Екеуінде де халықты біріктірген – «ұлттың ұлы қайғысы, арманы, тілегі» болды. «Халық қайғысы мен халық арманы тұтасып, сәуле шашты, болашаққа жол сілтеді». Ғасырлар бойы жанышталып, езгіленіп келсе де, ұлттың ұлы намысы, жігері мұқалмай, жоғалмай, ішінде жанартаудай жасырынып келе жатқанын көрсетті [4, 286].

Романдағы кинорежиссер Айдынның ғашық жары Нәзіктің әртістік жолы мен «Ұлы қасиетті Ана» рөлін сомдауға дайындығын да метафоралық қолданыс деуге болады.

«Бірінші бөлімнің соңғы көрінісі еді. Осы көріністе спектакльге қатысатын артистер тегіс сахнаға шығады. Ең жауапты кезең. Драматургиялық желістің шарықтау кезі. Осындай жұрт тегіс жиналған кезде, сахна төрінен Ана бейнесі, осы халықты, осы ауылды жебеуші, дем беруші Жер-ана құдіретті табиғат иесі көрінеді. Ол бүгінгі ойынның құдайы, тірегі, тәңірісі, ақылшы-демеушісі еді.

Осылай сахнадағы бар құбылыс, бар тағдыр, өмір тұтасып, осы аядай алаңда тоғысқан кезде, сахна төрінен Ана көрінеді. Жұрт ду қол шапалақтап, орындарынан тұрды...» [4, 281].

Автор романда Нәзікке діні берік, құдіреті күшті жұртқа ықпалы мол қасиетті ананың рөлін шебер сомдатып, монологы арқылы көрерменді асқақ өмірге, үлкен мақсатқа жетелетіп, сиқырдай тартып, көздеріне жас алғызып жатқан кезінде, яғни қойылымның ең шарықтау кезеңін сыртта, шынайы өмірде, алаңда шын трагедия болып жатқан кезбен сәйкестендірген.

Сырттағы жайды жүрекпен сезініп, іштей жылап тұрған Нәзік ананың рөліне шындап кіріп, спектакльдің сценарийінен тыс жұртты алаңға шығуға үндейді:

«-Жоқ, нағыз трагедия ана алаңда болып жатыр. Алаңда менің балаларым, менің ұлдарым мен қыздарым таяққа жығылып, қанға тұншығып, қасірет тартып жатыр. Менің балаларым! Менің ұлдарым! Менің қыздарым! Нағыз трагедия сол жерде. Сендер мұнда неге отырсыңдар? Солармен бірге, солардың қатарында неге болмайсыңдар?»-деді Нәзік залға карап айқай салып» [4, 283].

Нәзікке қасиетті ананың рөлін сомдату арқылы автор шығарманың көркемдік қуатын

арттырып қана қоймай, «Ана» деген қазақтың танымындағы концептті алып шығады. Ананың баласына берген батасы қабыл болатынын және ананы дәл сол алаңда жастарды жебеп тұрған дем берушісі, құдайы, тәңірісі, ақылшысына балайды.

Романда желтоқсан оқиғасының қасіретін беретін жоғарыда айтқан «намыс», «азаттық», «еркіндік», «Кенесары», «Ана» концепттерінен бөлек автор «туған жер», «ата-ана», «Отан», «тәуелсіздік», «адалдық», «отансүйгіштік» сияқты ұғымдардың қадір-қасиетін, мәнін ашады.

Айыртаудағы жаңа совхозға атау беруге байланысты дау туады. Сонда ескінің көзі Түсіп қария сөз алады:

«- Қарақтарым, кезінде осы өңірден шыққан Олжабай, Жасыбай, Мұздыбай деген батырлар болған. Қазақ елінің ең бір қиын-қыстау кезеңдерінде ел-жұртқа бас салып, ел қорғаған батырларымыз, сиынатын аруақтарымыз бар еді, солардың есімін берсек қайтеді. Олардың есімі, ерлігі алдында бәріміз қарыздармыз.

- Керегі жоқ.

- Ондай сөздерді айта алмаймыз. Тіліміз келмейді.

- Даешь Володарский. Долой казахские имена. Пошли к черту эти батыры. Таких богатырей мы не знаем. Поддубный, Ермак, Илья Муромец, других не знаем, и знать не хотим...

Оң қанаттағы топ жер боп, жасып қалды. Түсіп шал тағы да орнынан тұрды.

- Қарақтарым, ауылымыздың аты ежелден Айыртау деп аталатын еді, тым құрымаса, сол атты қалдырайық... Орыстардың тілі келмейді деп жеріміздің, атамекеніміздің атынан айрыламыз ба?» [4, 178].

Автордың жерге, атамекенге қатысты сөздерді романның дәл осы тұсында ғана кейіпкер ретінде көрініс беретін ескінің көзі Түсіп шалға сөйлетуі шығарманың мән-мағынасын аша түскен. Себебі Түсіп қария – ескінің көзі, асылдың сөзі. Осы оқиға арқылы автор сол кезеңде қазақтардың рухы, намысы, тарихы ғана емес, тіпті жер атаулары да өзгеріске ұшырап, аяққа тапталып жатқанын көрсетеді. Қазақ танымына, тарихына бойласақ, ата-бабаларымыз туған жер, атамекен үшін жан алысып, жан беріскен, қан төккен. Сол себепті «туған жер», «атамекен» ұғымдары – қастерлі, қасиетті. Ал ХХ ғасырдың 80-жылдары қазақ өз елінде, өз жерінде тұрып өз атамекенінен амалсыз қол үзуіне тура келгенін осы диалог арқылы ашады.

Сондай-ақ, шығарманың өн бойында автор қарапайым халық пен билікті салыстыра суреттеп, екеуі бір арнаға тоғыса алмайтынын, түсінісе алмайтынын айтады. Билік басындағы қазақтардың тек өз қамын ойлауы, ұлттық мүдде, туған жер, атамекен деген ұғымдарды әуелі өздері таптауы, арын, намысын, Отанын, өз қазағын бір күндік билік үшін сатып кетуі сияқты тарихи шындық оқиғаларға оқырман куә болады.

Дәл осы ойды шығарманың басында республикалық партия Орталық Комитетінің хатшысы болған Рыбаковқа айтқызады:

«Қазіргі қазақ қауымының оқыды, ел басқарды деген тобының бар ойы, арманы – билік, кішкентай болса да төрелік құру. Бұл – қазақтың ескі әдеті, ескі ауруы. Билікке келген қазақ халықтың қамын ойламайды, биліктің қызығына түседі. Билігін тұрақты ету үшін коррупцияға барады – ауылдасын, руласын маңайына жинайды...» [4, 34]. Осы пікір арқылы ұсақталып кеткен қазақтың билікқұмар мінезі шығарма соңына дейін көрініс тауып, оқиғалармен өрбіп отырады. Авторлық баяндау арқылы шиеленіскен саяси жағдай, іріп-шіріген отаршыл жүйе, ұзақ жылдар қазақ намысының тапталуы жаңашыл ойлайтын, еркіндікке ұмтылатын шығармашыл жастарды дүниеге әкелмеуі мүмкін емес еді деген ой тастайды.

Шығарманың тағы бір сюжет желісі жас кинорежиссер Айдын мен оның әке-шешесі арасындағы қарым-қатынасқа байланысты өрбиді. Автор осы арқылы Айдынды жаңа ұрпақтың, шығармашыл жастардың нағыз бейнесі ретінде, ал оның әке-шешесін таптаурын жүйенің құлына айналған, ескіліктің ізі ретінде бейнелейді. Шығарманың соңына дейін Айдын мен әке-шешесінің арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуін, бір-бірін түсініспеуін автор образды түрде бейнелеп, ескілік пен жаңашылдықтың күресі ретінде түйін жасайды. Романның соңы Айдын сияқты жас буындар көтеріліске шығып, қатігездікпен басып

жаншылып, жандары құрбан болса да, ескілікті, ескі жүйені қиратуға күш салғаны, қазақты енді Тәуелсіздіктің ақ таңы күтіп тұрғанымен аяқталады. Сондай-ақ, автор суретші Мәмбеттің шығарма соңында триптихына «Кенесары» деген атты қылқаламымен анық жазуы арқылы елдің, жердің, ойдың бостандыққа шыққанын бейнелі түрде көрсетіп береді.

Романның көркемдік қуаты, идеялық мәні терең. Шығармадағы әр оқиға, қысқа сюжет болсын туындының біртұтас дүние болуына қызмет етіп тұр. Сондықтан туындының көркемдік ерекшелігін шығарма мазмұны мен идеясынан жеке-жеке бөліп қарастыру қиын. Бұл романның қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны зор. Шығарманың көркемдігін жоғарыда айтқанымыздай ірі ғылыми жұмыстарға арқау ету қажет. Себебі Т.Жұртбай айтқандай «тарихтың үкімін көркем оймен заманынан оза шығарған жазушы Бекежан Тілегеновтің бұл көркем үкімі осы уақытқа дейін жарияланбай, бағасын алмай келгені өкінішті».

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Тілегенов Б. Көптомдық шығармалар жинағы. Әдебиет – менің Отаным: естелік жазбалар. Т4. /Құрастырушы Тұрсын Жұртбай. – Алматы: Ел-шежіре, 2021. -320 б.
2. <https://ult.kz> Жұртбай Т. Әділет алғауы. -2016, 06 тамыз.
3. Мағауин М. Ақыр-дүние: естелік әңгімелер (жазушы Б.Тілегенов туралы) //Жұлдыз. -2004. №11. 121-140-бб.
4. Тілегенов Б. Шығармалар жинағы. Сексен алтыншы жыл: Роман. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. -320 б.

ӘОЖ 17.9.82

### **САЙЛАУХАН НӘКЕНОВТІҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ**

**Қабдықалық Толғанай Қабдықалыққызы**

[kabdikaliktolganai@gmail.com](mailto:kabdikaliktolganai@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, Мирзахметов А.А.

Табиғат лирикасы - лирика жанрының бір түрі, ақынның ішкі жан-дүниесі оның әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар. Табиғат лирикасының алғашқы белгі, нышандарын фольклорлық поэзиядан байқауға болады. Өйткені қашанда адамзат табиғатпен етене жақын. Сондықтан айнала қоршаған орта және оның түрлі жаратылыс сырлары адамның назарын өзіне аударған. Осындай жағдайда ақындар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астасты- ра жырлаған. Табиғат лирикасын айтқанда, ұлы Абайды еске аламыз. Оның жылдың төрт мезгіліне арнап жазған өлеңдері осы уақытқа дейін оқушысын тамсандырып келеді. Абайдан соңғы қазақ ақындары да (С.Сейфуллин, МЖЦмабаев, І.Жансүгіров) табиғат лирикасын көптеп жазды. [1.98] Ал бүгінде табиғат туралы жазбаған ақындарды кез- дестіру қиын. Демек, Табиғат лирикасы өзінің мәңгілік жырлана беретін тақырып екенін айғақтайды. «Қазақтың халық поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алады. Сахара- да көшіп жүрген, күнделікті өмірі жазда, күзде, тіпті жыл бойы дерлік кең далада, төңкерілген ашық аспан астында, өзен-судың жағасында өтетін елдің өзін ұдайы табиғаттың аясында, құшағында отырғандай сезінуі таң қаларлық нәрсе емес», — дейді теоретик ғалым З.Ахметов [2; 408].

С.Нәкеновтың жан тебіренерлік асқан шеберлікпен жазылған құнды асыл өлеңдері жалпылама тақырыптық жағынан алып қарағанда көбінде лирикаға құрылған деуге әбден болады. Оған судай мөлдірлік, кіршіксіз тазалық пен адалдық тән. Ондағы